

«№19 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп–гимназия»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық Н-№199

Атырау қаласы

«01» қыркүйек 2021 жыл

**1-4 бастауыш сынып  
оқушыларына және жетім,  
жартылай жетім, аз қамтылған отбасы  
оқушыларын бір мезгіл ыстық  
тамақпен қамту туралы**

«Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-аналасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусым №235 бұйрығының 1 қосымшасы 83 тармағын негізге ала отырып,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің 1-4 бастауыш сынып оқушыларын және жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасы оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылсын.

2. Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етуші жеке кәсіпкер «Мамбетов А.Е»-пен тиісті құжаттамаларды рәсімдеу есепші Г.Габдрахмановаға жүктелсін.

3. Асханадағы дайындалып берілетін тамақтардың сертификаттарын, пісірілу сапасын анықтап, қадағалау және күнделікті ас мәзірін жасақтау және бақылау мектептің медикесі А.Уразғалиева мен әлеуметтік педагог Г. Даумованың жауапкершілігіне жүктелсін.

4. Мектептің 1-4 бастауыш сынып оқушыларын және жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасы оқушыларының асханадан тамақтануын кесте бойынша ұйымдастыру бастауыш сыныптар жөніндегі директордың орынбасары Ж.Досахаева және әлеуметтік педагог Г. Даумоваға міндеттелсін.

4. Ас мәзірі бойынша берілген тамақтың ай сайынғы есебіне бақылау жасап, есеп бөліміне уақытылы есеп табелін тапсыру әлеуметтік педагог Г. Даумоваға жүктелсін.

5. Ыстық тамақтың берілісіне және ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының орындалысына бақылау жасау мектеп менеджері М.Даутоваға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Рысқалиеваға және сынып жетекшілеріне міндеттелінсін.

6. Сынып жетекшілеріне оқушылардың тамақтануы кезінде бірге тамақтануға қатаң тиым салынсын.

